

Грузияның Президенті М.Саакашвилидің Қазақстан Республикасына жұмыс сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 2 наурыздағы N 41-ө Өкімі Қазақстан Республикасы мен Грузия арасындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту және 2007 жылғы 5-6 наурызда Грузия Президенті М.Саакашвилидің Астана қаласына жұмыс сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі сапарды дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы: қосымшаға сәйкес Грузия делегациясының мүшелеріне "1+5" форматы бойынша қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шараларын қабылдасын; сапарды өткізуге арналған шығыстарды 2007 жылға арналған республикалық бюджетте 001 "Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды адамдарының қызметін қамтамасыз ету" және 003 "Республикалық деңгейде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы" бағдарламалары бойынша көзделген қаражат есебінен қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Грузия делегациясы мүшелерінің Астана және Алматы қалаларының әуежайларындағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ арнайы ұшақты күзетуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі белгіленген т е р т і п п е н :

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, Грузия Президенті М.Саакашвилидің арнайы ұшағының Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтуін, Астана және Алматы қалаларының әуежайларына қонуын және олардан ұ ш ы п ш ы ғ у ы н ;

Астана және Алматы қалаларының әуежайларында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі сапарды бұқаралық ақпарат құралдарында жария етуді қамтамасыз етсін, грузин делегациясының Қазақ

ұлттық музыка академиясына баруын қамтамасыз етсін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың атынан жұмыс бабындағы таңертеңгілік ас кезінде концерттік бағдарлама ұйымдастырсын.

6. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі грузия делегациясының " Ұлттық ғылыми медициналық орталық" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына баруын ұйымдастырсын.

7. Астана және Алматы қалаларының әкімдері Грузия делегациясын Астана және Алматы қалаларының әуежайларында қарсы алу және шығарып салу жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын, болатын орындарында бірге жүруді, сондай-ақ мәдени бағдарлама ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

8. Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы грузия делегациясын Астана қаласының әуежайында қарсы алуға/шығарып салуға қатыссын.

9. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң
2 0 0 7 ж ы л ғ ы 2 н а у р ы з д а ғ ы
N 4 1 - ө ө к і м і н е
қосымша

Грузия делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шаралары

1. Грузин делегациясының мүшелерін Астана қаласындағы "Риксос Президент" қонақ үйіне "1+5" форматы бойынша орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерлерін Астана қаласындағы "Риксос Президент" қонақ үйіне орналастыру.

3. Баспа өнімдерін (бейдждер, сапар бағдарламалары, автомобильдерге арнайы рұқсатнамалар, куверттік карталар, қабылдауға шақырулар) дайындау.

4. Грузия делегациясының басшысы мен мүшелері үшін сыйлық және кәдесыйлар с а т ы п а л у .

5. Грузин делегациясын Астана және Алматы қалаларының әуежайларында қарсы алу және шығарып салу кезінде шай дастарханын ұйымдастыру.

6. Іс-шаралар өткізілетін жерлерді гүлмен безендіру.

7. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың атынан Грузия Президенті М.Саакашвилидің құрметіне Астана қаласында жұмыс бабындағы таңертеңгілік ас және Грузияның Президенті М.Саакашвилидің жұбайының құрметіне

т ү с к і а с ұ й ы м д а с т ы р у .

8. Делегация мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК